научно-публицистический журнал

Профсоюзная жизнь Казахстана

№5 (90), 2022 г.

РЕСПУБЛИКАНСКИЙ РЕФЕРЕНДУМ: ВМЕСТЕ ПОСТРОИМ НОВЫЙ КАЗАХСТАН

ҚАЗАҚТЫҢ ҚАНАТТЫ ҚЫЗЫ

Хиуаз Доспанова туралы естелік

Нұршат ШОЙЛИЕВА,
Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейінің бірінші деңгейлі біліктілігі жоғары санатты қор сақтаушы маманы.

Биыл – қазақтың батыр қызы, «қанатты қыз» атанған ұшқыш Хиуаз Доспанованың туғанына 100 жыл. Ұлы Отан соғысында талай ерлігімен көзге түсіп, жау әскерін жермен-жексен еткен қазақ қызы туралы аз айтылып, аз жазылған жоқ.

Хиуаз Қайырқызы Доспанова 1922 жылы 15 мамыр күні Ганюшкин ауылында (қазір Атырау облысы) дүниеге келген. Әкесі Қайыр — балықшы, анасы Меруерт — мұғалім болып еңбек еткен. Ұшқыштық өмір жолын Оралдың аэроклубында бастап, кейін әйгілі ұшқыш Марина Раскова басқарған 46-гвардиялық полкінің құрамында 300-ден астам әуе шайқастарына қатысқан Хиуаз Доспанова сол кездің өзінде теңдессіз ерлігі үшін «қанатты қыз» атанған еді. Хиуаз Астрахандағы балық кәсіпшілігімен айналысқан жұмысшы отбасынан шыққан. Ол кісінің кезінде Мәншүк Мәметовамен бір көшеде тұрып, көрші болғанының өзі өмірінің естен кетпес бір сәті іспеттес. Есімдері тарихта мәңгі қалатын бір көшенің батыр қыздарының мінездерінде де ұқсастық бар. Алғырлық, қайсарлық, адалдық, екеуіне ортақ қасиет.

Мектеп қабырғасын үздік бағамен тәмамдаған талдырмаш жас қыз ұшқыш болуды армандайды. Алға қойған мақсатын қайтсе де орындауға дағдыланған ол, соғыс басталған жылдары Мәскеудегі Жуковский атындағы әскери-әуе Академиясына қабылданбай қалса да, медицина институтынан алған білімімен тылда еңбек етіп, кейін ұшқыштар дайындайтын училищеге түседі. Өрімдей жас қыздың қайсарлығына тәнті болған атақты ұшқыш әйел Марина Раскова сол кездеақ оған зор үміт артқан екен. Хиуаз Доспанова от болып туды, от болып өтті. Фашизмнің қара түнегі ел басына төнгенде, әскери қызметке тартылуға міндетті болмаса да мыңдаған қызкеліншектермен бірге майданға сұранды. Жастық шағының бес жылы қанқұйлы соғыс майданында, аспандағы жау ұшақтарымен шайқаста өтті. Неміс фашистері қазақ қызын «түн перісі»-деп атап, зәре-құты қалмай қорыққан көрінеді.

Соғыс басталған тұста өз ұстазы М.Раскова басқарған 46-гвардиялық полкке қабылданды. Солтүстік Кавказ, Кубань, Қырым, Украина, Беларусь, Польша және Шығыс Германия жерлерін фашистерден азат ету барысында, қаршадай қыз, (естіген жұрт таңданар да, таңырқар, мүмкін сене де алмас) үш



жүзден аса әуе шайқасына қатысып, ерлігі үшін ел арасында «қанатты қыз» атанды. Қызығы сол, қан майданда бомбалаушы ұшаққа отырғанда, батыр апамыз ет қызумен белін буып, сақтық шараларын жасауды да ұмытып кете береді екен. Кейіннен Кеңес Одағының Батыры атағын алған Марина Чечеваның Хиуаздың шеберлігі туралы: «Хиуаз Доспанова ұшағын нысанаға ылғи да дәл апаратын және өз аэродромына да сондай дәлдікпен қайта оралатын» - деп, жазғандығы бекер болмаса керек. Бірде батыр қыздың ұшағы полктегі жасырын қону алаңына келе жатып апатқа ұшырайды. Анық айтқанда алаңға екі ұшақ қатар қонар тұста соғылып, үлкен жарылыс болады. Экипаждағы 4 адамның ішінен жалғыз Доспанова тірі қалады (кейіннен белгілі болғандай, батыр қыздың аман қалуына оның сақтандыру белдігін тақпауы себеп болыпты. Соғыстан кейінгі бейбіт өмірде Хиуаз Доспанова қайраткерлігімен даралана білді. Елге оралған соң, алдымен Оралдағы облыстық партия комитетіне қызметке орналасып, ондағы әскери бөлімнің нұсқаушысы, артынша Қазақстан Комсомолы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының хатшысы сияқты лауазымды қызметтерді абыроймен атқарды. Алайда соғыстан алған жарақаты мен денсаулығының ақауланyы оның қырық жасқа жетпестен зейнеткерлер қатарына қосылуына әкелді. Бойында күш-қуаты барында 1960 жылы «Под командованием Расковой» (орыс тілінде), 1963 жылы «Халқым үшін» деген (қазақ тілінде) майдан естеліктерін ғана жазумен шектелді. Білетіндердің айтуынша, Хиуаздың өткірлігі батыр Бауыржанның мінезіне қатты ұқсайтын. Шыны керек, қазірдің өзінде Хиуаз Доспанованың өмір жолын білетін жастар аз. Ел басына күн туған шақта сұрапыл соғысқа араласып, бейбіт заманда талмай еңбек еткен «Халық Қаһарманы» Хиуаз Доспанова 2008 жылдың мамыр айының 20-сы күні өмірден өтті.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Орталық музейі барлық уақытта да мәдени құндылықтарды сақтау, оны насихаттау және ғылыми айналымға енгізу орталығы болып табылады. ҚР МОМ фотоқұжаттар қорында Қаһарман қыз Хиуаз жайлы суреттері мен құжаттары сақтаулы. Жастық шағы отты жылдардың шарпуында өтіп, сұрапыл соғыстың күркіреген күндері мен түндерінде қырандай қайсарлығымен қаһармандық танытқан Хиуаз Доспанованың ерлігі елге өнеге, ұрпаққа үлгі десе де болады.

ТРАДИЦИИ И ПРЕЕМСТВЕННОСТЬ ПОКОЛЕНИЙ

Е. ТИМОЩУК,
педседатель профсоюза работников внутренней политики, культуры и развития языков района имени Габита Мусрепова Северо-Казахстанской области

Все мы родом из семьи, где рождается чувство живой преемственности поколений, ощущение причастности к истории, прошлому, настоящему и будущему нашей Родины, коллектива Отдела внутренней политики, культуры и развития языков района имени Габита Мусрепова Северо-Казахстанской области, ценностью которого являются люди – красивые, сильные, творческие, профессиональные и преданные своему делу.

Что такое для человека семья? Слово, которое понятно всем. Оно с первых мгновений жизни рядом с каждым из нас. Семья - это дом, папа и мама, близкие люди. Это общие заботы, радости и дела. Это любовь и счастье. Семья - это тыл и фундамент, на котором строится вся жизнь. Все мы рождаемся в семье, а вырастая, создаем свою собственную. Так устроен человек. В рамках празднования международного Дня семьи и празднования Дня работников культуры Профсоюзным комитетом и районной библиотекой был подготовлен и проведен вечер семейных пар «Моя семья - моя радость», предоставивший возможность лучше познакомиться с замечательными семьями коллектива работников культуры села Новоишимское. Праздничная атмосфера в этот день царила повсюду. На встречу были приглашены семьи Ташлыковых К.Н. семейный стаж - 51 год, Тимощук - 35 лет, Малгаждаровых - 33 года, Батырбаевых - 22 года, Кобжасаровых - 8 лет. Ведущие мероприятия Б.Ш. Макова и М.С. Темиргалиева поприветствовали собравшихся словами и стихами о значении семьи в жизни каждого человека, обратив внимание присутствующих на то, что каждая семья имеет свою историю, которую можно читать, как книгу и которую участники встречи перелистывали, вспоминав интересные и ещё неизвестные страницы совей семейной жизни. Говорят, что браки совершаются на небесах. Послушав

истории знакомства и развития отношений приглашенных семейных пар, с этим нельзя не согласиться. В судьбе каждой из присутствующих пар есть интересная сокровенная страничка, соединившая их навсегда. В течении всей встречи звучали шутки, смех и, конечно, же музыкальные номера в исполнении самих героев и методиста районного дома культуры А.Ш. Кушекбаева. А добрые слова поздравлений и вручение памятных подарков Председателя Совета по делам женщин и семейно-демографической политики Б.С. Жантасовой и пожеланий директора районного дома культуры Н.А. Синдякиной только подняли настроение присутствующих. Получилось замечательное душевное мероприятие, на котором царила дружба, взаимопонимание и, конечно, же любовь которое еще больше сплотило коллектив. В завершении встречи все участники поблагодарили организаторов за радостные минуты, которые смогли перенести семейные пары на много много лет назад и еще раз подтвердить, что самое главное в жизни-это семья и твои близкие. И как здорово, что есть вторая семья - это коллектив, который поддержит, поймет и просто будет рядом!!!!

9 МАЯ
МАМЫР

ҰЛЫ ЖЕҢІС КҮНІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

С ДНЕМ ВЕЛИКОЙ ПОБЕДЫ!